

**ҚР Энергетика министрлігінің  
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2023 жылғы 18 қазан  
сағ. 15:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әулетаев

Қатысқандар: энергетика вице-министрі Ә.Ж. Жамауов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (тізім бойынша), Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері (тізім бойынша).

**1. Қоғамдық кеңес отырысының 2023 жылғы 9 тамыздағы хаттамалық тапсырмасының 3.2-тармағын орындау барысы туралы**

(Ж. Бердібекова)

1.1. Мұнай тасымалдау және өндіру департаменті мұнай өндіру және өндіру басқармасының басшысы **Ж. Бердібековының** Қоғамдық кеңес отырысының 2023 жылғы 9 тамыздағы хаттамалық тапсырмасының 3.2-тармағын орындау барысы туралы ақпараты назарға алынсын.

**2. Сұйытылған мұнай газының тапшылышын төмендетудің алдын алу бойынша қабылданып жатқан шараптар туралы**

(Ә. Жамауов)

2.1. Энергетика вице-министрі **Ә.Ж. Жамауовтың** сұйытылған мұнай газының тапшылышын төмендетудің алдын алу бойынша қабылданып жатқан шараптар: сұйытылған мұнай газын электрондық бөлуді енгізу, «Тенізшевройл» ЖШС бөлөтін сұйытылған мұнай газының көлемін ұлғайту, көлік қызметтерінің өсуіне байланысты сұйытылған мұнай газына өділ баға белгілеуді енгізу, сұйытылған мұнай газын өндіруді ұлғайту бойынша өндірушілерді ынталандыру туралы ақпараты назарға алынсын.

**2.2. Газ өнеркәсібі департаменті:**

2.2.1) жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, өрбір өнірде СМГ тұтыну бойынша талдау жасасын;

2.2.2) СМГ-та сараланған бағаларды енгізу мәселесін пысықтасын;

2.2.3) әлеуметтік желілөр арқылы халық арасында СМГ саласындағы өзекті мәселелерді түсіндіру үшін Қоғамдық кеңес мүшелерін тартсын;

2.2.4) мұдделі мемлекеттік органдарға (ІІМ және ТЖМ) ГБЖ орнатылған көлік құралдарының арнайы белгілермен жабдықталуына бақылауды күшейту туралы хат жолдасын;

2.2.5) «Теңізшевройл» ЖШС-мен бірлесіп, экспортқа бағытталған өнімдерді шығаратын өнеркәсіптік тұтынушыларды тендерге қатыстыруды шектеу жөніндегі мәселені пысықтасын;

2.2.6) 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап көтерілуі жоспарланып отырған теміржол тарифтерінің СМГ бөлшек сауда бағаларына ықпалын алдын ала есептесін;

2.2.7) көтерме және бөлшек сауда бағаларын бекіту кезінде халықтың, өндірушілердің, газ толтыру пункттері мен автогаз құю станциялары иелері мұдделерінің теңгерімін ескерсін.

### 2.3 Цифрландыру департаменті:

- Газ өнеркәсібі департаментімен бірлесіп, СМГ бөлу жөніндегі ақпараттық жүйені өзірлеу және ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінен және ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі Өндірістік қауіпсіздік комитетінен деректер алу бойынша дайындық жұмысын жүргізсін.

## 3. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «СУНП» мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алудың ақпараттық жүйесін мемлекеттік меншікке беру бөлігіндегі тапсырмаларын орындау мәселесі туралы

(А. Анисимов)

3.1. Цифрландыру департаментінің директоры А.С. Анисимовтың Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың IT-қызметтер нарығын монополиясыздандыру жөніндегі, «СУНП» мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін есепке алудың ақпараттық жүйесін мемлекеттік меншікке беру бөлігіндегі тапсырмаларын орындау немесе ҚР Энергетика министрлігі арқылы мемлекеттік бюджеттен «ҰАТ» АҚ қызметіне ақы төлеуді жүзеге асыру мәселесі туралы ақпараты назарға алынын.

### 3.2. Цифрландыру департаменті:

- «ҰАТ» АҚ-дан «СУНП»-ны ҚР Энергетика теңгеріміне беру мәселесін жеделдетсін.

Қоғамдық  
кеңестің төрағасы

Б. ӘユЕТАЕВ

Қоғамдық  
кеңестің хатшысы

Н. СЕКЕРБЕКОВ